FARABI · KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY · 1934

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №4 (1917) 5 АҚПАН 2024 ЖЫЛ







# Ректор халықаралық форумда БАЯНДАМА ЖАСАДЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Шанхай қаласында өткен World Digital Education conference форумына қатысты. Ауқымды шарада ҚХР білім министрі Хуай Цзиньпэн, білікті ғалымдар, жоғары лауазымды тұлғалар және халықаралық ұйымдардың өкілдері мен елшілер бас қосты.**

Форум аясында Қытайдағы білім беруді цифрландыру туралы шағын фильм (Shanghai Expo Centre) көрсетілді. Конференцияда ҚХР білім министрі, халықаралық ұйымдардың басшылары, университеттер ректорлары, цифрлық білім беру бойынша сарапшылар және т.б. баяндамалар жасады.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз баяндамасында университеттің цифрландыру тәжірибесіне, халықаралық ынтымақтастығы мен зерттеу бағыттарына тоқталды.

«Бүгінгі таңда университет БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға үлес қосып, білім беруді цифрлық трансформациялау арқылы бәсекеге қабілеттілігін нығайтуды жалғастыруда. Университет жасанды интеллектіні қолдана отырып, инновациялық шешімдерді шетелдік әріптестерімен бірлесіп әзірлеуге баса назар аударып келеді. Білім, ресурстар және тәжірибе алмасу үшін басқа университеттермен, компаниялармен, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен серіктестікті күшейту арқылы ұлттық және жаһандық деңгейде белсенді ынтымақтастық қажет. Сондай-ақ жоғары оқу орындары әлеуметтік жауапкершіліктерін арттырып, өз қызметінде тұрақты даму тәжірибесін енгізуі тиіс», – деді ҚазҰУ ректоры.




Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚХР-дың 57 жоғары оқу орнымен, ғылыми ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта. ҚазҰУ-да 975 қытайлық студент білім алуда. Кампуста Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейді. Жоба 2018 жылы ҚХР Ғылым академиясының Аэроғарыштық ақпарат ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп іске қосылды. 2022 жылы ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің (Сиань қ.) филиалы ашылды.

Жалғасы 2-бетте

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң физика және химия техникалық институтымен серіктестік орнатып, меморандумға қол қойды. Келісімшарт негізінде ғылыми-зерттеу орталығы мен институт бірлесіп жас ғалымдарды даярлайды.**

# Шыңжаң физика және химия техникалық институтымен СЕРІКТЕСТІК



Меморандум ғылыми бағытта тәжірибе алмасуға, зертханалар мен ғылыми орталықтарды бірлесіп пайдалануға, ортақ инновациялық жобаларды жүзеге асыруға, өндірістің материалдық-техникалық базасын кеңейтуге жол ашады.



Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жанар Жеңістің айтуынша, келісім жаңа мүмкіндіктер мен екіжақты байланысты арттыруға тың серпін береді.

«Қазіргі таңда орталықтың екі ғылыми қызметкері аталған институтта білім алуда.

Жалғасы 2-бетте

3-бет
Білім беру саласын цифрландыру – басты бағыт



4-бет
Мегажобаның мақсаты айқын



7-бет
Мейрамбек БАЙЗАҚ:
Азия кубогында намысты қолдан бермедік



# Ректор халықаралық форумда баяндама жасады

Соңы. Басы 1-бетте

2024 жылдың 26 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытайдың Үрімжі қаласында тұңғыш рет ғылыми-инновациялық көрме өткізді. Қытай Халық Республикасы Білім министрлігінің шақыртуымен ұйымдастырылған шараға жергілікті 196 университеттің ректорлары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының басшылары, 600-ден астам Қытай университеттерінің өкілдері, 40 ірі өндіріс корпорациясының басшылары мен екі елдің дипломатиялық корпусы, ғалымдар мен кәсіпкерлер қатысты.




Шанхай қаласында өтіп жатқан халықаралық форум барысында Дүниежүзілік цифрлық білім беру альянсының инаугурациясы, Қытайдың зияткерлік білім беру платформасының халықаралық нұсқасын іске қосу рәсімі өтті, сондай-ақ Қытай мен басқа елдер арасындағы цифрлық білім беру саласындағы ынтымақтастық бағдарламасы таныстырылды.




Халықаралық іс-шара аясында ҚазҰУ ректорының ҚХР жоғары оқу орындарымен бірқатар кездесулері жоспарланды. Оның ішінде Шығыс Қытай педагогикалық университеті (ECNU) де бар. Форум жұмысы екі күнге жалғасып, оның аясында қатарлас сессиялар өткізіледі.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**



# Шыңжаң физика және химия техникалық институтымен серіктестік

Соңы. Басы 1-бетте



Оқулары аяқталғаннан кейін біздің орталықта өз жұмыстарын жалғастыратын болады. Алдағы уақытта тағы да бір ғылыми қызметкерімізді тәжірибе жинақтау үшін Қытай институтына оқуға жіберуді көздеп отырмыз. Бұған дейін де біздің орталық Шыңжаң физика және химия техникалық институтымен тығыз қарым-қатынас орнатқан болатын. Мәселен, 2019 жылы қараша айында Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында Шыңжаң физика және химия техникалық институтымен бірге Қазақстан – Қытай бірлескен дәрілік заттар зертханасын ашқан едік», – дейді Жанар Жеңіс.

Айта кетейік, ғылыми-зерттеу орталығы мен институт жаз мезгілінде ҚазҰУ базасында ғылыми бағытта халықаралық конференция ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

**Света ӨМІРҒАЛИЕВА**

# Экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері талқыланды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да профессор, экономика ғылымының докторы Ержан Жатқанбаевтың 80 жылдығына арналған «Тұрақты экономиканың геоэкономикалық жағдайындағы мемлекеттік реттеу» атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өтті.**



Іс-шараға Қазақстанның белгілі ғалымдары мен практиктері, сондай-ақ Финляндия, Ресей және Өзбекстаннан келген халықаралық сарапшылар, оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және т.б. қатысты.

Басқарма Төрағасы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың құттықтау хатын Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова оқыды. Университет басшысы профессор Ержан Байғожаұлын 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, белгілі ғалым-экономист, Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясы академигінің сіңірген еңбегін атап өтті. Ержан Байғожаұлы – аралас экономиканы қалыптастыру жөніндегі ғылыми мектептің және аралас экономика кезеңіндегі мемлекеттік реттеу теориясының негізін салушы белгілі ғалым. 300-ден астам ғылыми еңбек шығарды. Ғалымның жетекшілігімен 4 докторлық, 36 кандидаттық, 6 PhD ғылыми дәрежесін алу бойынша диссертация қорғалды.

Ғалым «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған», – делінген құттықтауда.

Іс-шара аясында Ержан Жатқанбаевты ғылымның дамуына және елдің білім алуына қосқан үлесі үшін ҚР ЖОО қауымдастығының орденімен марапаттау рәсімі өтті.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Digital Almaty 2024 VI цифрлық форумына қатысып, инновациялық стартап-жобаларын таныстырды.**




# ҚазҰУ-дың инновациялық стартап-жобалары таныстырылды

Халықаралық цифрлық форумға ШЫҰ және ЕАЭО елдерінің мемлекет қайраткерлері, жетекші сарапшылары мен ғалымдары, кәсіпкерлері қатысуда.

Сала мамандары цифрлық индустрияның жаңа дәуірін қалыптастыруға бағытталған тың тәжірибелер мен идеялар төңірегінде пікір алмасуда.

Іскерлік бағдарлама аясында қатысушылар Govtech, Индустрия 4.0, ESG, Smart City салаларындағы цифрлық трансформация және инновациялық шешімдер тақырыптарын саралап, жетекші сарапшылардың жаңа ұсыныстары мен инновациялық технологиялар көрмесі шеңберінде жобаларды талқылайды.

ҚазҰУ ғалымдары форум аясындағы көрмеге «Туризмнің цифрлық контентін жаңғырту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтар», «STEM-білім беруге арналған шағын ғарыш аппараттарының конструкторы», «Жасанды интеллект және заттар интернеті негізінде су ресурстарын мониторингілеу жүйесі» т.б. стартап-жобаларын ұсынды.

Университет ғалымдары әзірлеген TOURISMQAZ мобильді қосымшасы – бұл көлік, орналастыру, тамақтану, гидтер-экскурсоводтар, нұсқаушылар мен аудармашылар, ойын-сауық және басқа да туристік қызметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі.

Сонымен қатар ҚазҰУ ғалымдары Іле-Балқаш бассейнінің су ресурстарын ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірледі және онтология деректерінің веб-картасын таныстырды.

«Білім беру мекемелеріне арналған шағын ғарыш аппараттарының инновациялық конструкторларын өндіру» жобасы «Ғылым қоры» АҚ қолдауымен университеттің Процестік инновациялар орталығы базасында іске асырылуда. Ол ғарыштық робототехниканы, сондай-ақ еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындарында STEM-білім беруді дамытуға бағытталған. «Alfasat» конструкторын еліміздің колледждері мен жоғары оқу орындарына енгізу жоспарлануда.

**Гүл БАЯНДИНА**

# Білім беру саласын цифрландыру – БАСТЫ БАҒЫТ

**Білім берудің қазіргі жағдайы қоғамның даму тенденцияларымен бірге білім беру ортасын дамытудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Білім беруді жаңғыртудың басым міндеттерінің бірі – білім беруді ақпараттандыру. Оның басты шарты – бірыңғай цифрлық білім беру ортасын құру.**



Қазақстанда білім беру секторын цифрландыру 1997 жылы автоматтандыруға, оның ішінде онлайн-оқытуды тарату жолымен басталды. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда цифрландырудың маңыздылығына байланысты 2017 жылғы 12 желтоқсанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарламаның мазмұнына сай, цифрландыру білім беру саясатын оңтайландыру мен жеделдетудің инфрақұрылымдық-технологиялық негізі. Сондықтан елімізде білім беру саласын цифрландыру жалпымемлекеттік басым бағыт ретінде қалыптасуда. Қазіргі заманғы технологиялар біздің өмірімізге сенімді қарқынмен енгізілуде, «цифрландыру» ұғымын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі естиміз. Кейбір адамдар цифрландыру процесінің пайдасы мен зияны туралы әлі де дауласып жатқанымен, көптеген мемлекеттерде заманауи технологияларды енгізу үрдісі үйреншікті жағдайға айналуда. Қазіргі таңда интернет және цифрлық технологиялар, ресурстар білім беру жүйесін жаңартудың «инфрақұрылымдық жотасына» айналуда. Ғылымның қарқынды дамуы болашақта ең жаңа технологиялармен жұмыс істеуге қабілетті мамандарға сұраныс артатынын, ал арнайы дағдылары жоқ қызметкерлерге қажеттіліктің болмайтынына алып келетіні даусыз.

Цифрлық білім беру ортасы білім беру қатынастарының барлық қатысушылары үшін бірыңғай коммуникация кеңістігіне, білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын басқарудың пәрменді құралына, педагогикалық ұжымның жұмысына айналуы керек. Сондай-ақ интерактивтілік, ұтқырлық, ашықтық, қолжетімділік талаптарын қанағаттандыруы және білім беру қызметінің цифрлық құралдарымен қамтамасыз етуі тиіс. Осылайша білім беру ұйымының цифрлық білім беру ортасы – білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы үрдістерін ескере отырып, ақпараттық және коммуникациялық қызметтерді, оқу процесінің объектілеріне цифрлық құралдарды тиімді және ыңғайлы ұсынудың басқарылатын және серпінді дамып келе жатқан жүйесіне айналуда.

Цифрландыру университеттер мен мектептерді бұрын қолжетімсіз болған цифрлық технологиялар арқылы оқу құралдарымен қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының қызметінде болып жатқан өзгерістерге байланысты еніп жатқан трансформациялар цифрлық технологияларды тек жоғары оқу орындарын басқаруда ғана емес, сонымен қатар тікелей білім беру процесінде де қолдануға қатысты. Қазіргі университеттерге тән цифрлық трансформация жоғары оқу орындарының адами ресурстарының сапасына қойылатын барлық жаңа талаптарды қалыптастыруда. Олардың ішіндегі ең ерекшеленетіні – онлайн оқыту деп санауға болады. Оның құрамына оқытудың аралас формалары да, яғни университетте онлайн және семинар сабақтары режимінде дәрістік бейнені көруді біріктіру, сондай-ақ тікелей онлайн курстар – MOOC (Massive Openlline Courses) кіреді.

Қазақ ұлттық университеті OpenEdx ашық платформасында ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курстары) енгізуден Қазақстандағы университеттер ішіндегі көшбасшысы болып отыр. Сонау 2014-2015 оқу жылынан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қашықтан білім беру орталығы оқытушылар-профессорлық құраммен бірлесе отырып ЖАОК құру жұмысын бастады. Ең алғаш 2015 жылы университетіміздің физикалық-техникалық факультеті Жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының доценті В.Кашкаров ҚазҰУ-дың жетекші оқытушыларының бірі ретінде «Физические задачи с В.Кашкаровым» атты алғашқы ашық сабақтарын кең аудиторияға арнап бастаған еді. Бұл курсқа университетіміздің 1-2 курс студенттері, Назарбаев зияткерлік мектебінің, мамандандырылған физика-математикалық мектептері мен Қазақстанның түрлі аймақтары бойынша жалпы мектептерден жоғары сынып оқушылары қатысты. Курсқа қызығушылық танытқан жастар бүгінге дейін өз білімдерін арттыруда.

Қазіргі кезде әлемнің жетекші ғылыми-білім беру орталықтары мен университеттері арасында ҚазҰУ-дың бәсекеге қабілеттілігін және танымалдығын арттыру мақсатында университет факультеттерінің онлайн курстарын әзірлеу мен іске асыруды қабылдау үшін байқау өткізу дәстүрге айналды. Университеттің оқытушы-профессорлық құрамы онлайн-білім беру платформаларында онлайн курстарды, соның ішінде ҚазҰУ платформаларында, Қазақстанның ашық білім берудің Ұлттық платформасында және шетел платформаларында (Coursera, edX, OpenEdu және басқалары) негізгі білім беру бағдарламалары үшін ашық онлайн курстар құруға және оны орналастыру мүмкіндіктеріне ие. Мәселен, Жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының профессоры А.Тұрмағамбетов (кафедраның аға оқытушысы Ж.Сейдулламен бірлескен авторлықта) 1-курс студенттеріне арналған физика курсының «Механика» бөлімі бойынша қазақ тілінде дәріс және семинар сабақтарын қамтитын ашық онлайн курстарын әзірлеп, оқу процесіне енгізді. Кафедра доценті В.Кашкаров өзінің физика курсының «Механика» бөліміне арналған ашық онлайн курсын кең аудиторияға оқып келеді. Кафедрамызда осындай жетекші мамандардың озық тәжірибесін тарату үшін және цифрлық білім беру ортасы арқылы жастардың цифрлық мәдениеті мен цифрлық сауаттылығының жеке деңгейін арттыру мақсатында семинарлар мен шеберлік сыныптар жүргізіп отырады.

Университетімізде білім беру ісімен қатар, білімді бағалау мақсатында да онлайн платформалар іске қосылған. Оқытушылар құрамы білім алушылармен бірлесе кез келген платформаны таңдап, қорытынды бақылау (емтихан) өткізе алады. Мәселен, Univer АЖ (ақпараттық жүйесінде) жазбаша (онлайн), Moodle ҚОЖ (қашықтан оқыту жүйесінде) кейс-тапсырма, эссе, шығармашылық тапсырма, Moodle ҚОЖ-де тестілеу, Microsoft Teams немесе BigBlueButton, Moodle ҚОЖ-де ауызша (онлайн), Moodle ҚОЖ-де ауызша қорғалатын жоба жұмысы (онлайн), Moodle ҚОЖ-де кешенді үш кезеңді онлайн тестілеу+эссе+ауызша, ЖАОК альтернативті емтихан, платформасы: Coursera, Stepik, edX, Udacity және т.б.

Сонымен цифрлық білім беру ортасы білім алушы жастардың білім алу жолында интернет-технологияларды жетік қолдануларына мүмкіндік береді және білім берудің барлық түрлері мен деңгейлерінде оқытудың қолжетімділігі мен жоғары сапасын қамтамасыз ететін заманауи және қауіпсіз білім беру ортасына айналуда.

**Айгүл САРИЕВА,**
*Жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.*

---

**Бүгінде дәстүрлі энергетикалық қуат көздеріне тиімді балама табу мәселесі күллі әлем жұртшылығын толғандырып отырғаны белгілі. Соның ішінде еліміздің бағыт-бағдары белгіленген, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын, табиғи байлыққа бай дамушы мемлекет ретінде атап өтуге болады. Жеріміздің асты-үстіндегі шикізатты өндіріп, оны экспортқа шығару қазіргі таңда экономикалық жағынан тиімді болғанымен, болашақ үшін бұл ресурстарды да үнемдеуге тура етеді. Осы орайда, жалпы энергетиканың негізгі тармағы – электр энергиясын өндіруді дамыту, экономиканың драйвері, әртараптандырудың, жаңа технологиялық дамудың баламасыз бағыты.**

# Балама қуат көздерін табудағы ізденіс



Қазіргі таңда әр мемлекеттің балама қуат көздерін табу жолында өздерінше зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы орайда, физика-техникалық факультеті Плазма физикасы нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының профессоры А.Жүкешовтің «жасыл энергия» концепциясы негізінде баламалы энергетиканы дамыту бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының аясында «Қазақстандағы баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері» тақырыбында «Электр энергетикасы» мамандығының студенттеріне арналған сабақтан тыс дәрісі өтті. Іс-шара барысында жақын онжылдықта жалпыәлемдік және Қазақстандағы электр энергетикасының құрылымын өзгертуге қабілетті жаңартылатын энергия көздерінің даму әлеуеті туралы ғылыми жұмыстарға талдау жасалып, студенттермен ой бөлісті. Дәріс барысында Қазақстанда 2009 жылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану туралы» заңды іске асыруға байланысты бірнеше заңнамалық акті қабылданғанын және бұл акт бойынша жаңартылған энергия көзін дамыту, мақсатты индикаторы болып табылатынын алға тартты. Жаңартылған энергия көзінің жалпы электр энергиясындағы үлесін 2030 жылға қарай 10 пайызға, ал 2050 жылы 50 пайызға жеткізу туралы ҚазҰУ ғалымдарының да алға қойған міндеттерінің бірі екенін дәріс барысында айтып өтті. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш Қазақстан бойынша 2,3 пайызды ғана құрайды.

> **Жаңартылған энергия көзінің жалпы электр энергиясындағы үлесін 2030 жылға қарай 10 пайызға, ал 2050 жылы 50 пайызға жеткізу – ҚазҰУ ғалымдарының да алға қойған міндеттерінің бірі.**

Сонымен қатар дәріс барысында Плазма физикасы нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасында жаңартылған энергия көздерінің бірі болып саналатын күн энергетикасы мен термоядролық реакторларды дамыту бойынша зерттеу жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанын айтып өтті. Болашақ энергетиктерді осы саланы дамытуға қажетті ғылыми жобаларда бірге жұмыс істеуге шақырды.

**Жаңғали МОЛДАБЕКОВ,**
*Плазма физикасы нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының оқытушысы*

№4 (1917) 5.02.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

**Әлемдік тәжірибеде тұрақты әлеуметтік-экономикалық модельді қалыптастыру, жалпы шаруашылық жүйелерді, өңірлік жүйелерді дамыту және оларды ұлттық деңгейде іске асыру елдің экономикалық мүддесі стратегиялық маңызды бағыт ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда бірқатар мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты дамуға көшу тұжырымдамалары әзірленді. Тұрақты даму тұжырымдамасы ұлттық экономика деңгейінде де, жергілікті деңгейде де (аудандар, қалалар, ауылдық елді мекендер) әзірленді. Алайда теориялық тұрғыдан алғанда тұрақты дамуға қол жеткізудің әдістері мен тетіктерінің ғылыми негіздемесі мәселелері одан әрі тереңдетілген зерттеуді талап етеді.**

# Мегажобаның мақсаты айқын



Осыған байланысты ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті мақсатты қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде «Жасыл даму контексінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» тақырыбында мегажобаны іске асыруда.

Бұл жоба ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауларын, «Қазақстан-2050» стратегиясын, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын іске асыруға бағытталған Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуын зерделеуді көздейді.

Жобаның мақсаты – су ресурстарын сақтау мен басқару, топырақ сапасы, жердің тозуы мен шөлейттенуі, ауа сапасының өзекті мәселелерін зерттеу, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және ұтымды пайдалану. Сондай-ақ геоақпараттық жүйелерді дамыту және қоршаған орта объектілерінің мониторингі, климаттың өзгеруі және оның қоршаған ортаға әсері, жасыл технологияларды әзірлеу.

**Жобаның мақсаты – су ресурстарын сақтау мен басқару, топырақ сапасы, жердің тозуы мен шөлейттенуі, ауа сапасының өзекті мәселелерін зерттеу, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және ұтымды пайдалану.**

**Жоба бағдарламасы бірнеше ішкі бағдарламадан тұрады:**

*1. Батыс Қазақстан өңірі табиғи-шаруашылық жүйелерін дамытудың негізгі факторы ретінде табиғи-ресурстық әлеуетті бағалау;*

*2. Батыс Қазақстан өңірі биоалуантүрлілігін тұрақты дамуы және жасыл өсу контексінде бағалау;*

*3. Тұрақты даму контексінде Батыс Қазақстан өңірі атмосфералық ауасының сапасын бағалау;*

*4. Батыс Қазақстан өңірі топырағының өнеркәсіптік қызмет нәтижесінде токсинді химиялық заттармен ластануын бағалау;*

*5. Батыс Қазақстан өңірі жерүсті және жерасты суларының ластануын тұрақты даму контексінде бағалау;*

*6. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін Батыс Қазақстан өңірінің ландшафттық-экологиялық жай-күйін бағалау;*

*7. Батыс Қазақстан өңірі әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты даму контексінде бағалау;*

*8. Тұрақты даму және жасыл өсу контексінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық жүйелерінің тұрақтылығын және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің ғылыми-қолданбалы негіздері.*

Осы кіші бағдарламалардың орындаушылары: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, «У.М.Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институты» ЖШС, «Ө.Ө.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ, ҚР ЭБЖМ КЛХиЖМ «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК, ҚР ҰЭМ ҒК «Экономика институты» ШЖҚ РМК.

Біздің елімізде Батыс Қазақстанның экономикалық әлеуеті зор, алайда оның болашақ экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуындағы орнықтылығына жердің тозуы, табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану және ағымдағы экологиялық, әлеуметтік-демографиялық проблемалар нәтижесінде топырақ жамылғысының ластануына қауіп төніп тұр. Бағдарлама еліміздің тұрақты даму мақсаттары негізінде аумақтың тұрақты экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған.

Өткен жылы ғалымдар мен сарапшылар жұмыстың бірінші кезеңін орындады. Ақпараттық мәліметтер қоры және табиғи кешендер мен биологиялық ресурстарды бағалаудың әдістемелік негіздері жасалды. Батыс Қазақстан өңірі жер ресурстарының табиғи және шаруашылық-ресурстық әлеуеті туралы мәліметтер жиналды.

ҚазҰУ-да мегагрантты іске асырудың бірінші жылының нәтижелеріне арналған консорциум мүшелерінің алғашқы жұмыс кеңесі талқыланды. Мегагрантты іске асырудың бірінші жылының нәтижелері бойынша консорциум мүшелерінің бірінші жұмыс кеңесінің соңында жобаға қатысушылар 2024-25 жылдарға арналған алдағы жұмыс жоспарларын талқылады. Осы кезеңде ғалымдар өңірдің тұрақты экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуы, жер және су ресурстарын басқару, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау мәселелерін шешу жолдарын табуы тиіс.

Батыс Қазақстан өңіріне жоспарланған кешенді зерттеулер жүргізу аумақтың қазіргі экологиялық жай-күйін, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өндірістерін одан әрі дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бағалауға мүмкіндік береді. Мегажоба қоршаған орта кешендерінің жай-күйін оңтайландыруға және халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған.

**Гүлжанат МҰҚАНОВА,**
*б.ғ.к., доцент*

**Тұрсынкүл БАЗАРБАЕВА,**
*г.ғ.к., доцент*

# ENACTUS KazNU болашағына сенім мол



**Университеттік ENACTUS ұйымының белсенді қатысушысы және оның дамуына үлкен үлес қосқан «Математика» мамандығының 3-курс студенті Айнұр Базарханды әңгімеге тартқан едік.**

**– Айнұр, ENACTUS қандай ұйым?**

– ENACTUS – студенттер мен жастар арасындағы көшбасшылық пен кәсіпкерлікті дамытуға арналған коммерциялық емес халықаралық ұйым. Ұйым бизнес-жобаларды қолдап, олардың дамуына жұмыс істейді. ENACTUS бизнес-жобалары әлеуметтік, экологиялық, коммерциялық және инновациялық бағыттарды қамтып, тұрақты даму мақсаттарына сәйкес құрылады. Ұйымның әлем бойынша 550-ден астам серіктестері бар. Оның ішінде Қазақстаннан да серіктестер бар.

**– Ұйымның тарихы жайлы не айтасыз?**

– Жоба 1975 жылы SIFE атауымен АҚШ-та бастау алған. 1994 жылы халықаралық деңгейге танылды.1995 жылдан бастап SIFE қатарына Орталық Азия мемлекеттері қосылып, Қазақстанда жұмыс істей бастады. 2012 жылы өткен әлем кубогында (World Cup) жобаның жаңа атауы ENACTUS деп өзгертілді.

**– Атауы мен логотипі қандай мағынаны білдіреді?**

– ENACTUS – Entrepreneurship in action, Entrepreneurial, Action, US – бизнеске инновация енгізіп, студенттік, академиялық ортада әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту. Жобаның логотипі ретінде бақыт пен бейбітшіліктің классикалық символы болатын сары тырна бейнеленген.

**– Ұйым қалай жұмыс істейді?**

– ENACTUS елімізде жастар арасында өте танымал. Ұйым Қазақстанда бірнеше университет пен мектептерде жұмыс істейді. Enactus Kazakhstan Road Show – жылдық мақсаттармен танысу, Business Collaboration Forum – Қазақстандағы ENACTUS командаларының форумы өтеді. Жыл сайын әлем бойынша командалар арасында ұлттық сайыстар ұйымдастырылады. Ұлттық сайыстың жеңімпаздары болған ENACTUS командалары өз жобаларын мемлекет атынан әлем кубогында таныстырады. Жеңімпаз командаларға ақшалай сыйлықтар мен бизнес-жобалардың қаржыландырылуы беріледі. Сонымен қатар ұйымда жастарға арналған қыстық және жаздық лагерьлер бар. Лагерьде әртүрлі командалар бір-бірімен танысып, бизнес-тренингтерге қатысады.

**– Биыл ұлттық кубок пен әлем кубогы қалай өтті?**

– ҚазҰУ ENACTUS командасы Астана қаласында өткен ENACTUS Kazakhstan National EXPO ұлттық кубогына қатысты. Өкінішке қарай, әлем кубогына жолдама ала алмадық. Дегенмен Е.Бөкетов университетінің ENACTUS командасы (Қарағанды қаласы) ұлттық кубок иегері атанып, әлем кубогында еліміздің намысын қорғайтын болды. Әлем кубогы қазан айында Нидерланды мемлекетінің Утрехт қаласында өтті. Әлем кубогының иегері болып Египеттің ENACTUS командасы танылды. 2024 жылы әлем кубогы еліміздің Астана қаласында өтетіні туралы шешім қабылданды. Біздің университет командасы 2001 жылы Лондон қаласында өткен әлем кубогында арнайы «Жыл серпілісі» сыйлығына ие болған. Алдағы уақытта командамыз биік шыңдарды бағындырады деп сенемін.

**– ENACTUS-тың жастардың тұлға болып қалыптасуына әсері қандай?**

– Бизнес-жобаларды дайындау кезінде командамен жұмыс істеу, жаңа идеяларды ойлап табу адамның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Құжаттарды сауатты толтыру, сахна алдында сөйлеу, қаржымен жұмыс істеу soft skills-ті дамытады. Одан бөлек, өткен оқу жылы кәсіпкерлік бойынша қосымша сабақтар жүргізілуінің нәтижесінде біз бизнес-жобаларды құруды меңгеріп шықтық. KMF&KMF демеулік компаниясының Finboss қаржылық сауаттылыққа байланысты байқауы кезінде мектеп оқушыларымен жұмыс атқардық. ENACTUS өзіме жаңа достар мен кәсіпкерлік орта, тәжірибе берді. Студенттік өмірімнің қызықты кезеңдерін осы ұйыммен бірге бөлісеніме қуаныштымын. ENACTUS-тың қатарында болып, әлемнің дамуына бірге үлесімізді қосайық.

**Сұхбаттасқан**
**Ақнұр ЖОЛДАСБЕК,**
*Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушысы*

# Встреча с учеными-филологами из Якутии

**Кафедра казахской литературы и теории литературы филологического факультета Казахского национального университета имени Аль-Фараби встретилась с преподавателями и с заведующей кафедрой якутской литературы Северо-Восточного Федерального университета имени М.К.Аммосова, доктором филологических наук, доцентом Семеновой Валентиной Григорьевной. В рамках встречи были обсуждены направления сотрудничества. Была отмечена необходимость развития партнерства в сфере науки, образования, внедрения инновационных технологий.**



Доцент Семенова В.А. рассказала о системе обучения в Северо-Восточном Федеральном университете имени М.К. Аммосова. Большое внимание она уделила направлениям развития кафедры якутской литературы. Ею была отмечена необходимость обмена опытом в сфере изучения проблем межкультурной коммуникации, публикаций в международных рецензируемых журналах. Доцент Семенова В.А. внесла предложение об организации совместных научных конференций и семинаров в онлайн и в офлайн формате, посвященных тенденциям развития современного литературоведения и фольклористики, внедрения инновационных технологий в образовательный и исследователтский процесс, вопросам взаимодействия казахской и якутской литературы.

В рамках визита Семенова В.А. ознакомилась с содержанием образовательных программ по направлениям подготовки «Казахский язык и литература», «Литературоведение». Особый интерес у нее вызвали курсы по выбору и авторские курсы преподавателей кафедры казахской литературы и теории литературы, такие как «Творческая лаборатория литературного критика», «Маркетинг литературы», «Поэтика ораторской речи и спичрайтинг» и другие. Семенова В.А. отметила актуальность и современность содержания дисциплин, изучаемых в рамках образовательных программ по направлениям подготовки «Казахский язык и литература», «Литературоведение».

В ходе встречи были обсуждены вопросы патриотического воспитания молодежи, необходимости развития творческих способностей студентов, подготовки квалифицировапнных кадров и трудоустройства выпускников филологического факультета.

**Алуа ТЕМИРБОЛАТ,**
*доктор филологических наук, профессор, заведующая кафедрой казахской литературы и теории литературы КазНУ имени Аль-Фараби*

**Гульназ ДАУТОВА,**
*PhD, доцент кафедры казахской литературы и теории литературы КазНУ имени Аль-Фараби*

# Языковая политика стран СНГ

**В Минском государственном лингвистическом университете прошел III международный конгресс «Языковая политика стран СНГ». Мероприятие собрало ведущих специалистов в области образования и лингвистики, ученых, литераторов, авторов учебников и учебно-методических пособий, а также представителей научных, образовательных и общественных организаций, занимающихся поддержкой и продвижением русского языка и образования на русском из стран СНГ.**




Делегация из Казахстана, которую представляли доктор филологических наук, профессор, исполнительный директор НИИ тюркологии и алтаистики Казахского национального университета имени Аль-Фараби Шаймерденова Нурсулу Жамалбековна; доктор филологических наук, директор ресурсного центра полиязычного образования КазНУ имени Аль-Фараби Мусабекова Улжан Есеновна; кандидат филологических наук, член Правления – проректор по научной работе и международным связям Кызылординского университета им. Коркыт ата Бурибаева Майнура Абильтаевна; магистр филологических наук, докторант КазНУ имени Аль-Фараби Каиржанова Адия Тасболатовна, активно участвовала в обсуждении важных вопросов, касающихся будущего языковой политики в странах СНГ.

Ключевой целью конгресса стали анализ и обсуждение эффективных практик, а также выработка оптимальных подходов к гармонизации языковой ситуации в условиях многоязычного, поликультурного и многоконфессионального общества. Ученые и эксперты из разных стран выразили уверенность, что обмен опытом на подобных мероприятиях способствует развитию сотрудничества и содействию в решении современных языковых вызовов.

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

**Недавно представитель компании «Лукойл Лубрикантс Центральная Азия» Сергей Барбашов посетил кафедру физической химии, катализа и нефтехимии факультета химии и химической технологии КазНУ и встретился с заведующим кафедрой доктором химических наук, профессором Аубакировым Ермеком Айтказыновичем с выгодным и перспективным предложением спонсировать и финансово поддерживать проявивших себя студентов ВУЗов РК и СНГ, Case-In, а также предложил участвовать в проекте «Перспектива». Начало отбора в конкурс – сентябрь 2023 г. по февраль 2024 г.**

# Выгодное предложение «Лукойла»



**Данная программа подходит для выпускников бакалавриата химического, нефтянного, технического, экономического или маркетингового профиля и студентам магистратуры со знанием английского не ниже Intermediate, которые заинтересованы в перспективе дальнейшей работы в компании, которая уже проявила себя на международном рынке.**

Преимуществами данного проекта являются официальное трудоустройство, программа индивидуального развития на год, возможность международной ротации и конкурентная заработная плата. Также была предоставлена возможность совместного выполнения тематик дипломных работ для студентов бакалавров нашей кафедры. Карьера в крупной международной компании – мечта каждого студента и начать воплощать её в жизнь теперь можно уже на старших курсах ВУЗа в рамках стажировок и практик. Данная программа подходит для выпускников бакалавриата химического, нефтянного, технического, экономического или маркетингового профиля и студентам магистратуры со знанием английского не ниже Intermediate, которые заинтересованы в перспективе дальнейшей работы в компании, которая уже проявила себя на международном рынке. В течение первого года работы в компании «Лукойл», участники проекта проходят обучение по развитию soft-skills и стажировки на производственных объектах компании в Казахстане и в России (заводы в Волгограде, Перми, Тюмени) и за рубежом (заводы в Австрии, Финляндии, Беларуси, Мексике и в Африке). Участники программы также будут вовлечены в глобальные проекты и получат шанс стать руководителями структурного подразделения, а также имеют возможность ротации в зарубежные организации, представляющие бизнес смазочных материалов «ЛУКОЙЛ».

Также компания «Лукойл Лубрикантс Центральная Азия» планирует в этом году на договорной основе проведение курсов повышения квалификации среди своих сотрудников нашими профессорами, доцентами и ведущими учеными в области нефтехимии, нефтепереработки и нефтегазовового дела на различные темы: горюче-смазочные материалы, моторные, индустриальные, трансмиссионные, турбинные масла. Лекции на эти темы будут читать доктор химических наук, профессор кафедры физической химии, катализа и нефтехимии Конуспаев Сапаргали Ретаевич, доцент Ташмухамбетова Женета Халиловна.

**Фатима КАНАПИЕВА,**
*и.о. доцента, ст. преподаватель кафедры физической химии, катализа и нефтехимии*

**The Sustainable Development Goals, recommended in 2015 by the UN General Assembly, are today a necessary solution to economic, social, and environmental issues. The main theses of the Sustainable Development Goals are the ideas of reasonable consumption of natural and material resources, preservation of social and economic stability.**

# Sustainable Development Goals – a pathway to transforming the world




In September 2023, the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev participated in the UN Summit on Sustainable Development Goals and in his speech emphasized that the United Nations 2030 Agenda is the only chance given to the younger generation to build a prosperous future. The Head of State emphasized that achieving the SDGs is a national priority for Kazakhstan.

Al-Farabi Kazakh National University, in turn, actively supports 17 key concepts of sustainable development. During the 2023-2024 academic year, as part of the SDGs, the Faculty of Philology regularly organises classes and events with the participation of students, master's students, doctoral students and university lecturers.

The Department of Foreign Languages at the Faculty of Philology contributes to the implementation of the UN program by organizing joint national events. This effort aims to develop the country's intellectual potential and train professional staff capable of working at the forefront of research and technology.

In this article we aim to present a report of the variety of events held by the Foreign Language Department teachers during the 1st semester with the purpose to introduce Al-Farabi student community to the 17 United Nations Sustainable Goals.

On October 13, 2023, master's students of the Higher School of Economics and Business of KazNU under the guidance of Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor G.K. Kulzhanbekova in association with students and master's students of the 1-2 course of E.A. Buketov Karaganda University and S.B. Dzhangeldinova held a digital teleconference dedicated to the implementation of sustainable development goals in the field of tourism and education.On October 18, 2023, teachers of the Department of Foreign Languages A.K. Shayakhmet, M.T. Jamaldinova, G.B. Almabaeva, A.J. Otetleuova within the framework of the university project of cooperation with the United Nations and achievement of Sustainable Development Goals held a round table "The Aral Sea crisis and global water problems". The invited speaker was Professor of the University of Maryland Doctor of Philosophy Sarah Cameron.

On November 17, 2023, senior lecturers of the Department of Foreign Languages of the Faculty of Philology A.A. Muldagaliyeva, D.M. Makhmetova, I.G. Orazbekova, E.I. Lugovskaya, Z.S. Nesipbaeva, Sh.S. Duisenbaeva, K.A. Zhirenshina together with the teacher of Abai KazNPU O.A. Ismailova and colleagues from Dulati Taraz Regional University held a student online conference on the theme: "Revitalizing global partnership for sustainable development". This event was attended by students and master students of Al-Farabi KazNU, Abay KazNPU, Dulati TarGU, Ostrava Technical University (Czech Republic), Czech University of Natural Sciences (Czech Republic).

On 4 November 2023, the Graduate School of Medicine (GSOM), Faculty of Medicine and Public Health held an event dedicated to SDG 5: "Ensure gender equality and empower all women and girls". The round table, organized by the teachers of the Department of Foreign Languages A.A. Abduzhappar, F.M. Mukazhanova, was held with the participation of foreign students of specialty "General Medicine", Graduate School of Medicine, Faculty of Medicine, and Public Health.

On 24 November 2023, within the framework of the implementation of Sustainable Development Goals, the Department of Foreign Languages held a round table on the theme: "Corruption as an obstacle to improve the efficiency of public administration", dedicated to the International Day against Corruption. The event participants were teachers of the department K.A. Aisultanova, G.K. Atabayeva, G.A. Musanova, D.J. Tektibayeva, students and masters of Al-Farabi KazNU, students of Civil Aviation Academy, masters of Baku State University. The speakers spoke in detail about the direct and indirect links between corruption and various SDGs, emphasizing how corruption affects poverty eradication, quality education, access to health care, gender equality, economic growth, and environmental sustainability.

In conclusion, the Sustainable Development Goals are not only beneficial for the improvement of the economic and environmental situation in the world, but also have a positive impact on each individual, especially on students and the younger generation as a whole, making them more aware and responsible for a better future for the world in which they will live in.

**K.A. ZHIRENSHINA,**
**A.C. UTEBEKOVA,**
*Foreign Language Department teachers*

# KazNU faculty perspectives on the implementation of the 'Quality education available to everyone' national report

**The national report 'Quality Education Available to Everyone' introduced at the1st Congress of Educators on 4 October 2023 in Astana proposes a shift from traditional 'Education-Learning' to 'Education-Becoming an Individual'. This new model aims to promote independent learning and provide continuous education throughout all stages of education.**



The report emphasizes that universities should take full responsibility for increasing the recognition of their graduates diplomas and certification results. Al-Farabi University has started working on implementing the National Report tasks. It has involved representatives of the public, experts in the field of education, and the university faculty in discussing implementation opportunities.

The Foreign Languages Department faculty supports transforming the university system to meet labor market demands and improve education quality and initiates some recommendations. These initiatives aim to maintain KazNU's competitiveness, integrate science and production, and increase the internationalization of higher education.

The faculty believes integrating education, science, and production is crucial to stimulate innovation, economic growth, and sustainable development in the new industrial revolution. The academic community should, not on paper but in reality, strengthen partnerships between educational institutions and industry leaders, develop interdisciplinary curricula, encourage public-private partnerships, support, innovation hubs and incubation centers, and design relevant policies and regulations.

Second, digital transformation can enhance learning and streamline administrative processes in educational institutions. Critical recommendations for effective implementation include developing digital didactics, implementing a comprehensive learning management system, developing adaptive learning technologies, integrating digital platforms, training faculty in data-driven analytics, implementing robust cybersecurity protocols, and ensuring accessibility and inclusivity. These measures can create inclusive learning environments that prepare students for the demands of the 21st-century labor market.

Third, the atlas of new professions and competencies should be updated regularly to ensure quality education. This can be achieved by conducting research, collaborating with industry experts, integrating technological advances, aligning the atlas with educational programs, emphasizing soft skills and sustainable professions, and using data analytics.

By implementing these recommendations, integrated education, science, and production, digital didactics, and an atlas of emerging occupations and competencies can serve as a valuable resource for individuals, educators, employers, and policymakers, allowing them to stay abreast of changing labormarket dynamics and the skills needed to succeed in an evolving economy. In addition, it will foster a dynamic ecosystem, encouraging innovation, increasing productivity, and stimulating sustainable economic growth.

**Perizat YELUBAYEVA,**
*Foreign languages department*

# Our student from Bangladesh

**I am always happy to have international students in my English class, especially those who have a good command of English. I have found that our local students usually start to speak English much better when they communicate with them.**



This term, my Chemistry 101 students were delighted to welcome Sakib MD Shahariar, a student from Bangladesh. Having students from abroad is always a great way to learn about other people's experiences, and these students benefit enormously from the chance to experience our culture. He shares with us his story about his country, his impression of Kazakhstan and his expectations:

This is how he describes his country: *I am a proud resident of the beautiful land of Bangladesh. Life here is vibrant, filled with rich culture, warm-hearted people, and a spirit that resonates with resilience. First and foremost, I cherish the close-knit bonds of family and friends that define my life. In Bangladesh, relationships hold immense importance, and I am fortunate to be surrounded by a loving and supportive network. Our gatherings are lively, often featuring delicious traditional meals that reflect the diverse culinary heritage of our country. Bangladesh has a robust educational system, and I've had the privilege of pursuing my studies with dedication. The resilience, warmth, and cultural richness of Bangladesh are woven into the fabric of my identity, making me proud to call this country my home.*

His first impression of Kazakhstan and people: *Peoples of Kazakhstan are very friendly and helpful. On his arrival in Almaty, he was truly in awe of the beauty of the mountain scenery. He hopes that during his studies he will have a wonderful opportunity to learn more about Kazakhstan, its traditions, and customs.*

About his expectations: *He believes that Al-Farabi University professor staff will provide him with profound knowledge in his specialty - pharmaceutical manufacturing technology. Acquiring expertise in this field equips individuals with the knowledge and skills necessary to ensure the production of high-quality and safe pharmaceuticals. As professionals in pharmaceutical manufacturing, one can play a pivotal role in advancing healthcare by maintaining stringent quality standards and adhering to regulatory requirements. Ultimately, the expectation is to positively impact the lives of countless individuals by ensuring access to effective and reliable medications.*

**In the end of my story I wish Sakib to excel in his studies, gain high quality education at our university and make a competent specialist in his field!**

**A.A. MULDAGALIYEVA**

**Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA**




**Мейрамбек БАЙЗАҚ:**

# Азия кубогында намысты қолдан бермедік

**– Мейрамбек, жастар арасында өткен қол күресінен Азия кубогының жүлдесін иелендіңіз. Бұл байқау қайда өтті?**

– 2023 жылғы армрестлингтен Азия кубогы Өзбекстанның Самарқан қаласында өтті. Жарыстың жоғары деңгейде өткенін айтқым келеді. Жарыста Азия құрлығынан жиналған кіл мықтылар бақ сынасты.

**– Қарсыластарыңыз жайлы не айтар едіңіз?**

– Менің қарсыластарым көршілес өзбек, қырғыз елінен болды. Сонымен қатар өз еліміздің де спортшылары бар. Әрине, барынша намысты қолдан бермеуге тырысып, күміс жүлдегер атанып қайттық.

**– Байқауға дайындаған бапкеріңіз бар шығар?**

– Әлбетте, бапкерсіз болмас. Осы спортқа алғаш қадам басқаннан алдымен жақсы спортшыдан бұрын, жақсы адам болу керектігін бойымызға сіңірген ағайымыз Дәулет Тұрсынқұловқа ерекше алғысымды білдіргім келеді. Университет қабырғасында өз білгенімен бөлісіп жүрген Лаура апайыма үлкен рақмет.

**– Хоббиіңіз қандай?**

– Хоббиім – табиғат аясында серуендеу, пайдалы подкастар тыңдау. Арасында бильярд ойнап тұратынымыз бар.

**– Физика-техникалық факультетінің 4-курс студентісіз. Мамандығыңызды қалауыңыз бойынша таңдадыңыз ба?**

– Мамандық таңдауда басқа да нұсқалар болғанын жасырмаймын, бірақ дәл осы мамандыққа түскеніме еш өкінбеймін. Бұйыртса, мамандық бойынша жұмыс істеу ойда бар.

**– ҚазҰУ туралы не айтар едіңіз?**

– Университетім жайлы ойлағанда алғаш тілге тиек ететін нәрсе – көрсе көз тоймайтын жалынды жастарға толы әдемі қалашық, өзіндік «вайбы» бөлек, креативке толы студенттік өмір және менің алтын достарым. Университетімнің білім беру деңгейі ауыз толтырып айтарлықтай жоғары деңгейде.

**Сұхбаттасқан**
**Бағдат СҰЛТАН**

# Ата-анаға құрмет – перзенттік парыз

*Еленбей басқалардың*
*құлатқаны,*
*Ата-анамен жадырар*
*шуақ таңы.*
*Асқар тау мен*
*аяулы аналардың,*
*Әрбір басқан қадамы –*
*жұмақ бағы.*
*О-о, күллі адамзат?!*
*Бақытты алыстан іздеп*
*жүрген кім?*



Ата-анасы бар жаннан асқан қандай бақытты адам бар мынау жарық ғаламда? Тармақталған тағдыры мен өрнектелген өмірінде дүрбелең дүниеге әкеліп, ақтық демі таусылғанша баласы үшін қам жейді. Өмір өксіткенде жыламай, тағдыр шайқағанда құламай, жылусыз қалған күндері жұтылмай, кездескен кедергілерге сынбақ түгіл, ешбір таптаурынға тапталмай, балаларына бар ғұмырын сарп ететін неткен мейірім десеңші...

Перзент жүгін арқалаған әр адам ата-ана алдындағы қарызын өтей алмайтыны хақ. Алайда ес білгеннен бастап мейірім мен шапағатқа бөлеп, тәрбиелеріне сын, аттарына кір келтірмей өту перзенттік парыз емес пе?!

Әрбір жас баланы өсімдік деп алсақ, топырақтың тәрбие екені сөзсіз. Топырақ қаншалықты құнарлы болса, өсімдіктің берер жемісі де мәуелі болмақ. Ата-ана өз баласына құнарлы топырақ сынды үздік тәлім-тәрбие беруге барын салады. Оның бірден-бір айғағы – біздің қазақи тәрбие. Біртұтас ұлттың бірлігін бекем еткен, алпауыт елдердің тұяғынан аман қалуға септігін тигізген, дүниежүзі дүр сілкінсе де, елдігін сақтап қалуға ықпал еткен қазақтың ұлы тұлғаларының артында ата-анасы тұрғандығы тайға таңба басқандай-ақ.

«Тәрбие – тал бесіктен» демекші, қазақ отбасында баланы біреудің ала жібін аттамауға, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуге, жақсы мен жаманның аражігін білуге, ұят пен арды биік қоюға баулиды. Бірақ сол тәрбиені бала бойына сіңіруде өмірлік ұстаз бола білген ата-ананы қадірлеуіміз керек. Ата-ана – отбасының негізгі тірегі, қос бәйтерегі, балаларының баптаушысы мен қамқоршысы. Барлық ортада қорғап, қолдап, санасезімнің шыңына жетелейді. Ата-ананы әмбебап десек те, еш артық емес. Керек кезде мұғалім, суретші, ақын, тігінші... Балалары үшін кез келген істі жасау былай тұрсын, тау қопаруға да дайын тұлғалар.

Ата-анаға құрмет – отбасы тұтастығының кепілі. Ата-ананың ақ үмітін ақтау, сыйлау, оларды қадір тұту, биік қою, қамқорлық таныту – әр баланың перзенттік борышы. Қазіргі таңда қарттар үйіндегі қарияларымыздың көбейіп бара жатқаны көңіл қынжылтады. Дүние есігін ашуға себепкер болған ата-анаға үйінің бір бұрышынан да орын табылмағаны ма? «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген. Сондықтан да әр адам ғұмыр бойы «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет» ұстанымын ұстануы тиіс деп санаймын. Ата-анаға құрмет – перзенттік парызымыз екенін жадымыздан шығармайық!

*Қалайша дүниені*
*нұрлы етпейік,*
*Ешқашан көңілдерін*
*мұңды етпейік.*
*Ата-ана – қос бәйтерек,*
*айбынымыз,*
*Аппақ қардай үміттерін*
*кірлетпейік.*

*Өтейік парыз бенен*
*міндеттерді,*
*Таба алмаймыз сіздердей*
*тіректерді.*
*Көк аспанмен өлшейік*
*өздеріңе,*
*Биік әрі шынайы*
*құрметтерді.*

**Айымжан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,**
*филология факультетінің 1-курс студенті*

**Білімнің қара шаңырағы саналатын университетімізде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар студенттер білім алады. ҚазҰУ-дың цифрлық инновацияларының бірі – IT факультеті. Мамандығы бойынша бірқатар жобаны атқарып, сабағын да қалыс қалдырмаған ақпараттық технологиялар факультетінің 2-курс студенті Мырзабек Қуатбайдың өз айтары бар.**



# Сегіз қырлы, бір сырлы СТУДЕНТ

Мырзабек 2022 жылы Шымкент қаласындағы «Дарын» мектебін бітірді. 10-сыныптан бастап жұмыс істеп келеді. «Bugin.holding» компаниясында жұмыс істеп келе жатқанына төрт жылға жақындады.

«Мобилограф ретінде 1300-ден аса ролик түсірдім. Мобилография арқылы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нұрлан Қоянбаевтың қолдауымен ашылған @daraqory жобасында, @mobfestkz фестивалі бойынша Америкада, NYFA-да оқуға жолдама ұтып алдым. Қазақстан бойынша 7000-нан аса мобилограф қатысқан осы жарыс бойынша дәл қазіргі таңда еліміздің Топ-10 мобилографтарының қатарына кіремін», – дейді талапты жас.

Ол 2023 жылдың мамыр айынан бері «Bugin Holding» компаниясына қарасты «daryn.online» платформасында жоба менеджері міндетін атқаруда. Оған дейін осы компанияда мобилограф, таргетолог қызметін атқарған. Заман талабына сай ізденіс үстінде жүрген өрелі жастың алда әлі талай белестерді бағындырарына сенеміз.

«ҚазҰУ-да оқуды әр талапкер сияқты армандадым. «Мүмкіндіктер мекенінде» білім алып жүргеніме қуаныштымын», – деп сөзін тамамдады Мырзабек.

**Бағдат СҰЛТАН**

# Тіл – тұтас ұлттың айнасы

**Кез келген адамның көкейінде я ойында жүрген, мәселенің тереңіне бата алмай, «әттеген-ай» дейтұғын сәттердің болатыны рас. Оған мысал ретінде бірнеше дүниені атап айтуға болады.**

Қазіргі уақытта қоғамда белең алып тұрған өзекті мәселелерді айтатын болсақ, айтып қана қоймай, тереңіне үңіліп қарасақ, жан-жағымыздың барлығында түйіні шешілмей тұрған даулы мәселені, өзекті жағдайды, оқиғаны көреміз. Бірақ бұның да өзіндік астары мен тамыры тереңде жатқан мағынасы бар екенін саралай білуіміз керек. Ол үшін, ең бастысы, дұрыс әрі жалпыға бірдей түсінікті түрде түйінді шеше алуымыз қажет.

Мені толғандыратын мәселе – тіліміздің тазалығы. Шұбарланып бара жатқан ана тілімізді қалай болғанда да, осы бір кеселден алып шығып, кең ауқымда ұрпақтар арасында насихатталуына баса назар аударуымыз қажет. «Тәрбие басы – тал бесік» демекші, жаңадан туған балаға орыстардың «Синий тракторын» емес, бесік жырымыз бен ертегімізді санасына сіңіру дұрыс деп санаймын. Қазақи тәрбиеде ананың аялы алақаны мен мейіріміне қанып өскен баланың кеудесінде Отанға, туғанына деген адалдығы мен махаббаты лаулап тұрады.

Тіл – тұтас ұлттың айнасы. Тілі мен байтақ жері бар ұрпақ еркін, тәуелсіз өседі. Өкініштісі, біз батыстың мәдениетіне еліктейміз деп рухани байлығымыздан алыстап барамыз.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп Қадыр Мырза Әли айтқандай, туған тілге деген құрмет биік дәрежеде болуы керек. Адам тән азығымен қатар, жан азығын да тойдыруы, қанағаттандыруы қажет. Жан азығы – білімде, кітапта. «Қазақ» деген ұлттың айнасы екенін әрбір адам сезіну арқылы тілі мен салтдәстүріне тереңдей түссе, жан азығының қажеттілігін қанағаттандырады. Рухани байи түседі. Өзінің ататегін, тарихын тану арқылы тамыры тереңде жатқан тұлға екенін сезінеді.

**Ұлбосын НАМАЗБАЙ,**
*журналистика факультетінің 2-курс студенті*

# Студенттердің сенімді серігі

**Оқытушы – оқытушылық қызметпен де, тәрбие жұмысымен де айналысатын маман. Сондықтан оқытушының міндеті – қажетті білім беру ғана емес, сонымен бірге белгілі бір білім алу қажеттілігін түсінбеген кезде студенттерге көмек беру.**



ЖОО оқытушысының педагогикалық қызметінің негізгі сипаттамасы – педагогикалық құзыреттілік, ол педагогика, психология білімдерін меңгеруді қажет етеді әрі оқытушының оқу процесіне оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын енгізуге қатысты үнемі жетілдірілуін анықтайды.

Ұстаз бейнесін көз алдыма елестеткенде, ең алдымен, мейірімді, өзіне қызығушылық таныта алатын және студенттермен қарым-қатынасы жақсы тұлға тұрады. Өйткені оқытушы мен студенттер бірге жұмыс істейді. Мысалы: студенттердің өзіндік, курстық, дипломдық жұмыстарымен айналысуы, сонымен қатар студенттердің кейде көмекке жүгінуі барысында оқытушының кеңестері өте қажет. Мұнда тағы бір маңызды нәрсе пайда болады, ол – оқытушының эмпатия қабілеті, яғни бұл қабілет студенттерге жанашырлық таныту, олардың жағдайын түсінуге деген ұмтылыс. Сондай-ақ маңызды қасиеттердің ішінде оқытушының өз пәнін жетік білуі деп білемін және ішкі харизмамен анықталған әзіл сезімі де қалыс қалмауы қажет.

Педагогика мамандығында сөйлеу өте маңызды, әрбір сөзі мәнерлі, эмоционалды, сенімділік ұялата алатындай түрлі болуы қажет. Сонымен бірге өз ойларыңызды сауатты, түсінікті, қарапайым түрде студенттерге жеткізе білу де шеберліктің белгісі. Мен үшін осындай қасиеті бойында бар оқытушы – Гүлбаршын Азисқызы. Алғашында қарапайым ғана болып көрінген оқытушымның бар қасиеті ішінде бүгулі екен. Салған беттен-ақ бізді білім мұхитының кемесіне мінгізіп-ақ жіберді. Әрдайым бізге жөн сілтеп, бағдар беріп отырады. Қазір ойлап қарасам, ұстаздың қасиеті осында екен. Атап айтқанда: оқытушының бойында студенттермен жұмыс істеуге деген бейімділік, өз пәніне қызығушылық таныту мүмкіндігі, қиналсаң қолдап, жабықсаң жәрдемдесер, өмір сынына қарсы тұрар қайратыңды жанитын, көзқарасы салқын болса да, жылулық ұшқыны байқалатын тұлға ретінде осы кісіні айта аламын. Бұл менің шәкіртінің өзінен озуын тілейтін ұстазым жайлы бір үзік сырым.

**Сюэхун ПЭН,**
*филология факультеті «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті*

# Халықаралық білім байқауының ЖҮЛДЕГЕРІ

**География және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті Ұлпан Көрпебаева Волгоград басқару институтының Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы ұйымдастырған «Ағылшын тіліндегі ең үздік айтылым» бойынша халықаралық фонетикалық байқауға онлайн қатысты.**




Ұлпан Қайдарқызына халықаралық фонетикалық байқауында жетекшілік жасаған – филология факультеті Шет тілі кафедрасының оқытушысы Раушан Наурызбайқызы. Ұ.Көрпебаева Қарағанды қаласындағы жалпы білім беретін №17 мектепті өткен жылы үздік бітірген. Аталған байқауға түрлі қалалардан 64 студент пен 32 оқушы қатысып, білім деңгейлерімен онлайн сайысқа түсті. Қатысушы студенттер мен оқушылар қазылар алқасының сараптамалық бағасына ағылшынтілді авторлардың шығармаларынан өлеңдерді мәнерлеп оқу және прозалық үзінділерді жатқа оқу видеожазбаларын ұсынған. Ұ.Көрпебаева фонетикалық байқауға музыкалық сүйемелдеу арқылы ағылшын тіліндегі Life, Charlotte Bronte шығармасынан үзіндіні мәнерлеп оқыған видеожазбасын сарапташыларға ұсынды.

Оқу тобымыздың студенті аталған халықаралық білім байқауында ерекше қабілетімен көзге түсіп, жүлделі 3-орын сертификатын иеленіп, жетекшісі Раушан Наурызбайқызы Алғыс хатпен марапатталды. Халықаралық студенттер арасынан жүлделі орын алуы Ұ.Көрпебаеваның мектептегі және университеттегі ағылшын тілі пәні ұстаздарының айрықша еңбегі деп санап, барлық білім берген ұстаздарына алғыс айтамыз. Ал Ұлпанды халықаралық жүлдесімен құттықтап, білім шыңын бағындыру белестерінде әрқашан сәттілік тілейміз!

**Өкетай САҒЫМБАЙ,**
*«Жерге орналастыру» оқу тобының куратор-эдвайзері*

**«Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашанда пайдалы. Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің бір тәсілі – спорт. Ғалымдар зерттеуіне сүйенер болсақ, спорт адамды шат-шадыман өмір сүруге де жетелейді екен. Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі маңызды міндеттердің бірі. Таза әрі саф ауа мен көрікті табиғат аясына жиі саяхат жасау және спорттық ойындар ұйымдастыру көтеріңкі көңіл күй мен денсаулыққа пайдасы зор.**

# Сергектік кепілі – СПОРТ



ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының тұрақты даму мақсаттары (ТДМ-3) аясында және «Өлкетану», «Парасат» клубтарының ұйымдастыруымен білім алушы жастарға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында топ тыңдаушылары арасында «Спорт – денсаулық кепілі» ұранымен «Медеу» мұзайдынында конькимен мұз үстінде мәнерлеп сырғанаудан және 800 сатылы баспалдақпен жүгіріп шығу бойынша кіші жарыс өтті.

Спорттық шараның басты мақсаты – болашақ денешынықтыру пәнінің мамандығын таңдайтын тыңдаушыларға спорт саласына жасайтын алғашқы қадамы әрі шетелден келген тыңдаушылардың қоғамға үйренісуі. Сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау. «Медеу» мұзайдыны – әлемдегі 150-ден аса үздік спорттық рекордтар мекені. Көптеген отандық кинолардың тарихында қалған, «Азия дауысы» сияқты халықаралық ән байқауы жайында талай тарихи іс-шараларға мұрындық болғанын тыңдаушылар білуі керек. Бұл шараның тағы бір мақсаты – Медеу тарихымен таныстыру, өзара достық қарым-қатынасты қалыптастыру, тыңдаушы-студенттер бос уақытын тиімді пайдалану, іс-шараларға жұмылдыру.

«Медеу» мұзайдынындағы жарыстың жалғасы өлкетануға саяхат жасаумен ұласты. Медеудің керемет көркем табиғатын тамашалап, көңілді демалыстан рухани азық алған шетелдік тыңдаушылар атамекенге деген сағынышын әнмен, өз туындыларын арқау еткен жырмен жеткізіп, «Медеу» мұзайдынында серуендеп, коньки теуіп, демалыс күндерін қызықты өткізді.

**Гүлнәзира МУЖИГОВА, Сандуғаш НҰРТІЛЕУОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 3000
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq unıversitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ